



«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Ғылыми кеңес туралы ереже

Бет. 1 / 14

БЕКІТІЛДІ

Ғылыми кеңестің шешімімен
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы»

ШЖҚ РМК

«26» маусым 2026 ж.



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік
кәсіпорны

«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы»

Астана қ., 2026 жыл



1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК Ғылыми кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Ғылыми кеңестің қызметін, оның жұмыс тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелерді қарау және олар бойынша шешім қабылдау тәртібін регламенттейді.

1.2 Осы Ереже Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК Ғылыми кеңесінің мәртебесін, қағидаттарын, құзыреттерін, құрамын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттіктерін айқындайды (бұдан әрі - Орталық).

1.3 Ғылыми кеңес Орталықтың ғылыми және академиялық зерттеулерге, кәсіптік білім беруге қатысты барлық мәселелер бойынша ғылыми-клиникалық, инновациялық және білім беру қызметін басқарудың жоғары үйлестіруші консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Жарғыға, осы Ережеге және Орталықтың ішкі құжаттарына сәйкес жұмыс істейді. Кеңес Орталықта жүргізілетін іргелі және қолданбалы ғылыми-клиникалық зерттеулерді жетілдіру мақсатында құрылған.

1.4 Кеңес өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» және «Білім туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Стратегиялық жоспарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

1.5 Ғылыми кеңес өз қызметінде Орталықтың Жарғысын, осы Ережені және басқа да ішкі құжаттарды басшылыққа алады.

2. Ғылыми кеңестің құзыреттері

2.1 Ғылыми кеңестің құзыреттеріне мыналар жатады:

1) зерттеулерді ішкі қолдау стандарттары мен рәсімдерін қоса алғанда, ғылыми-зерттеу жұмыстарын сараптау және қолдау мәселелері жөніндегі қағидаларды бекіту және бақылауды жүзеге асыру;

2) Кеңестің жұмыс жоспарын және Орталықтың ғылыми жұмыс жоспарларын бекіту;

3) Орталықтың Стратегиялық даму жоспарын іске асыруға байланысты мәселелерді қарау;



- 4) іргелі және ғылыми-қолданбалы зерттеулерді ұйымдастыру және үйлестіру;
- 5) Орталықтағы ғылыми қызметтің негізгі басым бағыттарын айқындау және бекіту;
- 6) Орталықтың ғылыми-зерттеу қызметі жоспарларының жобаларын және ғылыми зерттеулер хаттамаларын талқылау және бекіту;
- 7) зерттеу қызметінің ауқымын, ғылыми жобалар мен клиникалық зерттеулердің бағыттарын айқындау;
- 8) алыс және жақын шетелдердегі ғылыми ұйымдармен және жоғары оқу орындарымен ғылыми-инновациялық зерттеулерді жүзеге асыру кезінде Орталықтың өзара іс-қимылының негізгі бағыттарын әзірлеу;
- 9) ғылыми-зерттеу қызметі саласында халықаралық ынтымақтастық орнату;
- 10) Орталық базасында орындалатын клиникалық зерттеулер мен ғылыми жобалардың іске асырылу барысының деңгейін бағалау және мониторинг жүргізу;
- 11) Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша аралық және қорытынды есептерін тыңдау және бекіту;
- 12) шешімдердің орындалуын талдау, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау және қажет болған жағдайда түзету шараларын қабылдау.
- 13) халықаралық және республикалық басылымдардағы ғылыми жарияланымдар, съездер, конгрестер мен конференциялар материалдары, оқулықтарды, монографияларды, практикалық нұсқаулықтарды, әдістемелік ұсынымдарды, оқу құралдарын және басқа да ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді дайындау және басып шығару мәселелерін қарау;
- 14) ғылыми-инновациялық қызметті (патенттер, өнертабыстар, рационализаторлық ұсыныстар), зияткерлік меншік құқықтарын, технологияларды коммерцияландыру және дамыту мәселелерін қарау;
- 15) клиникалық зерттеулер мен ғылыми жобаларға сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тарту;
- 16) ғылыми тағылымдамалар, шығармашылық демалыстар, біліктілікті арттыру және ғылыми іссапарлар мәселелерін қарау;
- 17) Орталық қызметкерлерінің жергілікті, өңірлік және халықаралық деңгейдегі ғылыми-техникалық, ғылыми-практикалық конгрестерге, конференцияларға, симпозиумдарға, семинарларға қатысуы мен оларды өткізу мәселелерін қарау;
- 18) ғылыми-зерттеу қызметіндегі бұзушылықтарды (плагиат, бұрмалау және деректерді қолдан жасау) айқындау стандарттарын әзірлеу және бекіту;



Ғылыми кеңес туралы ереже

19) ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласындағы келісімдер мен меморандумдарды қарау және мақұлдау;

20) Орталықтың білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі туралы есептерді қарау;

21) ғылыми қызметкерлерге ғылыми және құрметті дәрежелер беру мүмкіндігі туралы мәселелерді қарау және оларды беру жөнінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынымдар енгізу;

21) Орталықтың ғылыми қызметкерлері мен ғылыми-зерттеу ұжымдарын мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтарға ұсыну мәселелерін қарау;

22) Орталықтың қызметіне байланысты және алқалы шешімді талап ететін өзге де мәселелерді қарау.

3. Ғылыми кеңестің құрамы және оны өткізу тәртібі

3.1 Ғылыми кеңестің құрамына мыналар кіреді:

Кеңес төрағасы;

Кеңес төрағасының орынбасары;

Кеңес мүшелері;

Кеңестің ғылыми хатшысы.

Кеңестің құрамы Орталық Басқармасының шешімімен бекітіледі және жетекші ғалымдар мен жоғары білікті мамандар қатарынан қалыптастырылады:

- шұғыл көмекті үйлестіру жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары;

- медициналық бөлім жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары;

- экономика және қаржы жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары;

- әкімшілік мәселелер және даму жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары;

- басқарушы директор;

- Ғылым және білім бөлімінің басшысы;

- Стратегиялық даму және маркетинг бөлімінің басшысы;

- клиникалық құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессор-оқытушылар құрамының өкілдері, Ғылым және білім бөлімінің басшысы, Оқу-жаттығу орталығының басшысы;

- ғылыми дәрежесі (медицина ғылымдарының кандидаты, медицина ғылымдарының докторы, философия докторы (PhD) және бейіні бойынша



Ғылыми кеңес туралы ереже

доктор, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), клиникалық зерттеулер мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында зерттеу тәжірибесі және Хирш индексі бар Орталық қызметкерлері;

- ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамының өкілдері (медицина ғылымдарының кандидаты, медицина ғылымдарының докторы, философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор).

3.2 Ғылыми кеңесті Орталық Басқарма төрағасы (бұдан әрі - Төраға) басқарады.

Төраға Орталық Басқармасының шешімімен тағайындалады және қызметінен босатылады. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары атқарады.

3.3 Ғылыми кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады және мүшелерінің саны тақ болады. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

3.3 Ғылыми кеңестің отырыстары оған мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Дәлелді себептермен отырысқа қатыса алмайтын Ғылыми кеңес мүшесі бұл туралы төрағаға алдын ала хабарлауға тиіс.

4. Ғылыми кеңестің міндеттері

4.1 Орталықтың Миссиясы мен Стратегиялық жоспарларын табысты іске асыру мақсатында Орталық қызметкерлеріне қажетті жағдайлар жасау;

4.2 Қаржылық қолдауды қамтамасыз ету, Орталықтың материалдық-техникалық базасын нығайту;

4.3 Орталықтың ғылыми, инновациялық және білім беру қызметінің басым бағыттарын айқындау;

4.4 Ұйымның білім беру және ғылыми қызметін үйлестіру, олардың келісілген дамуын қамтамасыз ету;

4.5 Қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, тренингтер, семинарлар, вебинарлар ұйымдастыру;

Клиникалық зерттеулерді, ғылыми жарияланымдарды, зерттеу жобаларын, гранттық өтінімдерді дайындауға және іске асыруға жәрдемдесу;

4.6 Бейінді министрліктермен, медициналық университеттермен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен және серіктес ауруханалармен академиялық өзара іс-қимыл;



4.7 Білім беру және ғылыми қызметтің тиімділігін мониторингтеу және талдау, тиісті есептерді дайындау;

4.8 Ғылым және білім саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту: шетелдік жобаларға, конференцияларға, симпозиумдарға, форумдарға қатысу;

4.9 Орталық базасында ғылыми-практикалық және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру іс-шараларын ұйымдастыру және сүйемелдеу;

4.10 Клиникалық зерттеулерді әзірлеуге және сүйемелдеуге, оның ішінде Good Clinical Practice талаптарына және ұлттық нормативтерге сәйкес қатысу;

4.11 Практикаға бағдарланған ғылым мен білім берудегі халықаралық өзара іс-қимылды дамыту: шетелдік сарапшыларды тарту, тағылымдамаларға қатысу;

4.12 Қызметкерлердің ғылыми мәдениет деңгейін арттыру, ғылыми және білім беру бастамаларының нәтижелерін насихаттау.

5. Ғылыми кеңестің функциялары

5.1 Орталық-ның даму тұжырымдамасын айқындау;

5.2 Орталықтың емдеу-профилактикалық, оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметін ұйымдастырудың барлық негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

5.3 Орталық ұйымының клиникалық, ғылыми және білім беру қызметінің жоспарын әзірлеу және жыл сайын жаңарту;

5.4 Орталық әкімшілігінің, құрылымдық бөлімшелер басшыларының жыл сайынғы жоспарларын, сондай-ақ емдеу, оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие, қаржы, шаруашылық, ақпараттық және халықаралық қызметті жүргізудің нысандары мен әдістерін қарау және бекіту;

5.5 Ғылыми ұйымның халықаралық ынтымақтастық мәселелерін, шетелдік ұйымдармен бірлесіп жүргізілетін ғылыми зерттеулердің орындалу барысын келісу;

5.6 Монографияларды, оқулықтарды, оқу құралдарын және оқу-әдістемелік әзірлемелерді басып шығаруға ұсыну және қарау;

5.7 Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бойынша білім беру бағдарламаларын (ББ) (резидентура, біліктілікті арттыру циклдері, семинарлар, тренингтер) қарау және бекіту, толықтырулар мен өзгерістер енгізу;



Ғылыми кеңес туралы ереже

5.8 Ғылыми-техникалық бағдарламалардың, гранттардың, клиникалық зерттеулердің және т.б. тақырыптарын бекіту;

5.9 Бюджеттен тыс қаражатты пайдалану тәртібін, сондай-ақ Орталық-ның ақылы білім беру қызметтерін көрсету және өндірілетін өнімді өткізу арқылы алатын кірістерін қайта инвестициялау бағыттарын айқындау;

5.10 Ғылыми және білім беру жобалары, гранттар, конференциялар, клиникалық зерттеулер бойынша ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, қайта қарау және өзектендіру;

5.11 Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің клиникалық және ғылыми қызмет жоспарларын, Орталықтың ғылыми қызметі шеңберінде жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді уақтылы орындауын бақылау;

5.12 Зерттеу және пәнаралық топтарды қалыптастыруға және олардың жұмысына жәрдемдесу;

5.14 Біліктілікті арттыру бағдарламаларын, элективті курстар мен әдістемелік құралдарды әзірлеуге және сараптауға қатысу;

5.15 Қызметкерлерге ғылым, білім беру және жобалық қызмет мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік қолдау көрсету;

5.16 Ұлттық және халықаралық гранттар, конференциялар мен конкурстар туралы ақпаратты жинау, талдау және тарату;

5.17 Халықаралық байланыстарды орнату және дамыту, бірлескен іс-шаралар мен сапарларды ұйымдастыру;

5.18 Ғылыми-этикалық нормалардың және білім беру мен ғылыми зерттеулер сапасы стандарттарының сақталуын бақылау;

5.19 Бөлім қызметі туралы есептерді дайындау: ғылыми көрсеткіштер, білім беру іс-шаралары, халықаралық ынтымақтастық;

5.20 Құрылымдық бөлімшелердің, олардың басшылары мен ғылыми қызметкерлерінің клиникалық, ғылыми, ғылыми-зерттеу және білім беру жұмыстарының орындалу барысы туралы ғылыми қызмет жөніндегі есептерін тыңдау.

6. Ғылыми кеңестің құқықтары

6.1 Орталық басшылығының оның қызметіне қатысты шешімдерінің жобаларымен, қызметкерлердің жеке істерімен, объективті анықтамаларымен, қызметкерлердің түйіндемелерімен, басқа да құжаттармен және материалдармен танысу;



6.2 Құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен өзара іс-қимыл жасау, лауазымдық міндеттерді орындауға қажетті ақпарат пен құжаттарды алу, Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінен қажетті құжаттар мен материалдарды сұрату;

6.3 Еңбекті ұйымдастыру және еңбек жағдайларын жақсарту мәселелері бойынша Орталық әкімшілігіне ұсыныстар енгізу;

6.4 Қойылған міндеттерді шешу үшін әртүрлі бейіндегі жекелеген мамандарды жұмысқа тарту;

6.5 Орталық-ның ағымдағы және перспективалық қызметін жоспарлау мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

6.6 Персоналды оқытуға және дамытуға бағытталған бағдарламаларға қатысу.

7. Жауапкершілік

7.1 Ғылыми кеңестің функциялары мен міндеттерін және лауазымдық нұсқаулықтарды орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында айқындалған шектерде;

7.2 Еңбек және өндірістік тәртіп қағидаларын бұзғаны үшін;

7.3 Өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік және қылмыстық заңнамасында айқындалған шектерде;

7.4 Жұмыс орындарында еңбекті қорғау қағидалары мен нормаларын сақтамағаны, қауіпсіздік техникасының және өртке қарсы қорғаныстың қанағаттанарлықсыз жай-күйі үшін;

7.5 Кәсіпорынға келтірілген залал үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек, азаматтық және қылмыстық заңнамасында белгіленген шектерде.



8. Ғылыми кеңес отырысына мәселелер мен материалдарды дайындау

8.1. Ғылыми кеңестің күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға дайындау үшін баяндамашы отырысқа дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күні бұрын мәселені алдын ала дайындау мақсатында комиссия отырысына ұсынады.

8.2 Ғылыми кеңес отырыстарында қарауға ұсынылатын барлық материалдар қажетті растайтын құжаттар қоса берілген нақты мәселелер түрінде ресімделеді.

8.3 Күн тәртібінің негізгі мәселелері бойынша баяндамашылар: Орталық Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ПОҚ болуы мүмкін.

8.4 Отырыстан кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жауапты орындаушы ғылыми хатшыға баяндаманы (баяндаманың тезистерін және/немесе қаралатын құжаттың жобасын) электрондық тасымалдағышта ұсынады.

Баяндама және/немесе Жоба орындалатын жұмыстарға жауаптыларды, мерзімдерді және бақылауға жататын нәтижелерді көрсете отырып, қысқаша констатациялық бөлімді және нақты қаулы етуші бөлімді қамтуға тиіс.

8.5 Ғылыми хатшы Ғылыми кеңестің Күн тәртібін және сұрау салу бойынша тиісті құжаттарды (құжаттардың жобалары және т.б.) алдын ала танысу үшін Ғылыми кеңес мүшелеріне отырыс басталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын алдын ала жібереді.

8.6 Ғылыми кеңес отырысына комиссиялардың материалдары қаралатын мәселенің мазмұны мен көлеміне қарай еркін нысанда дайындалуы мүмкін, белгілі бір құжаттар тізбесі мен мазмұнын талап ететін мәселелерді (жоспарларды бекіту, конкурстық істер және т.б.) қоспағанда.

8.7 Ғылыми кеңес отырысына ұсынылатын құжаттар мынадай жалпы талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- 1) қаралатын мәселенің мазмұны дәйекті, анық және қысқаша баяндалуға тиіс;
- 2) оң нәтижелердің, кемшіліктердің және олардың себептерінің талдауын қамтуға тиіс;
- 3) мәселені тиімді шешуге бағытталған логикалық қорытындылары болуға тиіс.

8.8 Дайындалған материалдарға орындаушы, тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қояды және жетекшілік ететін Басқарма төрағасының орынбасарымен келісіледі.



8.9 Баяндаманы және/немесе жобаны елеулі пысықтауды талап ететін ескертулер болған кезде ғылыми хатшы ұсынылған материалдарды жауапты орындаушыға және комиссия төрағасына қайтаруға және оларды пысықтау мерзімін белгілеуге құқылы.

9. Дауыс беру және шешімдер қабылдау тәртібі

9.1 Ғылыми кеңестің шешімдері офлайн форматта ашық және жасырын дауыс беру арқылы қабылданады және отырысқа қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің 50%-дан астамы оны қолдап дауыс берген жағдайда қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

9.2 Жасырын дауыс беруді талап етпейтін барлық шешімдер, сондай-ақ рәсімдік мәселелер бойынша шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

9.3 Жасырын дауыс беру мынадай мәселелер бойынша өткізіледі:

- 1) профессор және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атақтарына ұсыну;
- 2) қызметкерлерді Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшелігіне ұсыну;
- 3) тиісті ережелерде және басқа да нормативтік құжаттарда көзделген өзге мәселелер.

9.4 Ғылыми кеңес отырысын өткізу кезінде жасырын дауыс беруді ұйымдастыру және оның нәтижелерін есептеу үшін Ғылыми кеңес ашық дауыс беру арқылы Ғылыми кеңестің бес мүшесінен аспайтын құрамда, оның ішінде төрағасын қоса алғанда, есеп комиссиясын сайлайды. Ғылыми кеңестің әрбір мүшесіне жасырын дауыс беруге арналған бір бюллетень беріледі. Бюллетеньдер Ғылыми кеңес мүшелерінің қатысу парағына сәйкес беріледі. Дауыс беру аяқталғаннан кейін есеп комиссиясы жәшікті ашады, жарамды және жарамсыз бюллетеньдердің санын анықтайды және «қолдаймын» немесе «қарсымын» деп берілген дауыстарды санайды. Жасырын дауыс беру нәтижелері туралы есеп комиссиясының хаттамасы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес ресімделеді, есеп комиссиясының барлық мүшелері қол қояды және Ғылыми кеңес отырысында оқылады. Есеп комиссиясының хаттамаларын Ғылыми кеңес ашық дауыс беру кезінде жай көпшілік дауыспен бекітеді.



«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бет. 11 /
14

Ғылыми кеңес туралы ереже

9.5 Ғылыми кеңес отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен Ғылыми кеңестің шешімі қабылданады және осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес хаттамамен ресімделеді. Хаттаманы ғылыми хатшы отырыстан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасайды, оған Төраға мен ғылыми хатшы қол қояды. Хаттамаға отырысқа қатысқан Ғылыми кеңестің барлық мүшелері қол қойған қатысу парағы қоса беріледі. Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібі және қабылданған шешімдердің қысқаша мазмұны Орталықтың ресми сайтында (Ғылым және білім бөлімі қойындысында) орналастырылады.

10. Қорытынды ережелер

10.1 Осы Ереже Орталық Ғылыми кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

10.2 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Орталықтың Ғылыми кеңесінің шешімімен енгізіледі.

10.3 Осы Ережеде көзделген жекелеген талаптар қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмеген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.



«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бет. 12 /
14

Ғылыми кеңес туралы ереже

1-қосымша
Ережеге

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы»
ШЖҚ РМК Ғылыми кеңесі туралы

№ хаттама

Ғылыми кеңес отырысының есеп комиссиясы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК

Астана қаласы

« » _____ 20 ж. ____

Қатысқандар: қатысу парағына сәйкес Ғылыми кеңес мүшелері

Күн тәртібі:

1. « » мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары.

ТЫҢДАЛДЫ: Төраға, есеп комиссиясының мүшелері:

1. Төраға - (Т.А.Ә.)

2. Мүшелер: (Т.А.Ә.)

Дауыс беру қорытындылары:

«таратылған» бюллетеньдердің жалпы саны -

«қолдаймын» -

«қарсымын» -

«қалыс қалдым» -

«жарамсыз» бюллетеньдер -

ШЕШТІ: Есеп комиссиясының № хаттамасы бекітілсін.

Төраға: (қолы)

Мүшелер: (қолы)

Ғылыми кеңестің төрағасы:

(Т.А.Ә., қолы)

Ғылыми кеңестің хатшысы:

(Т.А.Ә., қолы)



«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бет. 13 /
14

Ғылыми кеңес туралы ереже

1-қосымша
Ережеге

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы»
ШЖҚ РМК Ғылыми кеңесі туралы

№ хаттама

Ғылыми кеңес отырысының

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің

«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК

Астана қаласы

« » _____ 20 ж. ____

Қатысқандар: қатысу парағына сәйкес Ғылыми кеңес мүшелері

Күн тәртібі:

Екінші мәселе бойынша сөз сөйледі

Баяндамашы: _____ (Т.А.Ә.) (қысқаша ақпарат / материалдар қоса
беріледі)

Дауыс беру қорытындылары:

Қолдады - _____ дауыс

Қарсы - _____ дауыс

Қалыс қалды - _____ дауыс

ШЕШІМ қабылданды: _____ дауыспен.

Екінші мәселе бойынша сөз сөйледі

Баяндамашы: _____ (Т.А.Ә.) (қысқаша ақпарат / материалдар қоса
беріледі)

Дауыс беру қорытындылары:

Қолдады - _____ дауыс

Қарсы - _____ дауыс

Қалыс қалды - _____ дауыс

ШЕШІМ қабылданды: _____ дауыспен.

Мәселені қарау қорытындысы бойынша Ғылыми кеңес ШЕШТІ:

1. _____ бекіту/



«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бет. 14 /
14

Ғылыми кеңес туралы ереже

ұсыну / қабылдау / мақұлдау / пысықтауға қайтару / т.б.

Ғылыми кеңестің төрағасы:

(Т.А.Ә., қолы)

Ғылыми кеңестің хатшысы:

(Т.А.Ә., қолы)